



010000, Астана қаласы
Есіл ауданы, Орынбор көшесі 8
Министрліктер Үйі, 15 кіреберіс
Тел.: 8 (7172) 74 01 07, 8 (7172) 740454
e-mail: kense@mks.gov.kz.

010000, город Астана
Есильский район, ул. Орынбор 8
Дом Министерств, 15 подъезд
тел.: 8 (7172) 74 01 07, 8 (7172) 740454
e-mail: kense@mks.gov.kz.

№ _____

№ исх: 09-03-05/255-Д от: 20.12.2016

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
Депутаттары
К. Мұсырманға, Б. Мамраевқа,
М. Айсинаға, Ә. Бектұрғановқа**

2016 жылғы 2 желтоқсандағы
№ ДС-169 хатқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, Сіздердің ҚР Ұлттық кітапханасы мен Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы көтеріп отырған депутаттық сауалдарыңызды қарап, төмендегіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының кітап сақтау қоймасының электр-жарық беру қондырғыларын жөндеу үшін тиісті жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес 95094 мың теңге қаражат бөлу мәселесіне келетін болсақ, Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 66-бабына сәйкес стратегиялық жоспарлар әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджет шығыстарын жоспарлау үшін ағымдағы қаржы жылының 15 мамырына дейінгі мерзімде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджеттік өтінімдерді және бюджеттік бағдарламалардың жобаларын ұсынуы тиіс.

Алайда, Ұлттық кітапханадан тиісті бюджеттік өтінім Министрлікке межелі уақыттан кешіктіріліп ү.ж. 19 қазанда жолданғандықтан бюджеттік өтінім республикалық бюджеттік комиссияның қарауына жолданбады.

Осыған орай, аталған кітапхананың жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес қаражат бөлу жөніндегі өтінімін Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасымен белгіленген тәртіпке сәйкес 2017 жылы республикалық бюджетті нақтылау кезінде Министрлік республикалық бюджеттік комиссияның қарауына шығару үшін жолдайтын болады.

Ал, Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» акционерлік қоғамындағы фильмдерді дубляждауға келетін болсақ, «5 институционалдық реформаны

жүзеге асыруды ақпараттық қамту және ілгерілету» Ұлт жоспарының 90-шы қадамын іске асыру шеңберінде «Еліміздің ежелгі кезеңнен бергі тарихы, қазақстандық мәдениет, еліміздің қазіргі заманғы өмірі, тарихи тұлғалар мен азаматтар - «біздің заманымыздың қаһармандары» туралы баяндайтын ауқымды кино және тележобаларды жасау жөнінде 2015 - 2020 жылдарға арналған «Мәңгілік Ел» кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Қ Мәсімовтің 2015 жылғы 12 қарашадағы № 104-р өкімі қабылданды.

Кешенді жоспардың негізгі мақсаты деректі, көркем фильмдерді, сериалдарды, телебағдарламалар мен телехабарларды өндіру бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес телеарналардың, сонымен қатар «Қазақфильм» АҚ жұмысының сапасын арттыру болып табылады.

Қазіргі таңда, осы жоспарды жүзеге асыру аясында Қазақстан Республикасында кинематография саласын 2050 жылға дейін дамыту жөніндегі тұжырымдама және «Кинематография туралы» Заң жобасын әзірлеу жөнінде жұмыстар жүргізілуде. Онда фильмдер өндірісін қаржыландыру жағын өзгерту мәселесі, «Қазақфильм» акционерлік қоғамын жандандыру, оның тиімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру, фильмдердің ұлттық қорын сақтау, мұрағаттандыру және сандық форматқа көшіру қарастырылған.

Сонымен қатар, Заң жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы «Фильмдер прокатының тілі» атты бапты қарастыруда, онда дубляж, кадр сыртындағы аударма және/немесе субтитрлеу арқылы фильмдер прокатының мәселелерін айқындауда.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Сіздер көтеріп отырған киноға байланысты мәселелер бүгінгі күні әзірленіп жатқан Қазақстан Республикасында кинематография саласын 2050 жылға дейін дамыту жөніндегі тұжырымдама мен «Кинематография туралы» Заң жобалары аясында шешілуі мүмкін болады деп есептейміз.

Министр

А. Мұхамедиұлы